

73. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсінорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсінорын белгілейді.

74. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсінорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртінпен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қагидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

11. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

75. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 4 925 132 810 (төрт миллиард тоғыз жүз жиырма бес миллион бір жүз отыз екі мың сегіз жүз он) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне меншік иесі (құрылтайшы) толық қалыптастырған.

12. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі

76. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның ректоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

77. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

13. Кәсіпорынның жауапкершілігі

78. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.